

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Нұр-Мұбарат  
Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты ЕРКІНБЕК  
КЕРІМБЕКҰЛЫ ШОҚАЙДЫҢ**

**«Такфиризм идеологиясы: тарихи қалыптасуы және теологиялық  
аспектилері» атты тақырыптағы 6D020600 –Дінтанды мамандығы  
бойынша философия докторы (PhD) ғылыми алу үшін дайындалған  
дәрежесін диссертациясының қолжазбасы туралы отандық ғылыми  
жетекшісінің**

## ПІКІРІ

Қазір әлемді толғандырып отырған күрделі мәселелердің бірі дінмен байланысты лаңқестік пен экстремизм болып отыр. Бұл дерт Қазақстанды да айналып өтпеді. Осы бір аурудың емін табу, алдын алу, бетін қайтару тек бірыңғай күш қолдану, жазалау арқылы ғана шешілмейді, жастарды шарпыған кеселге қарсы қолданылатын дұрыс диагноз қойып, ем-дом тағайындауда білікті теологтардың да көмегіне жүгінеміз. Еліміздегі діни бірбеткейлік, радикализмнің бастау тегі Құран мен хадис мәтіндерін түсіндіру тәсілі мен әдістемесіне де байланысты. Дін жағынан терен білімі жоқ бозбалалардың сыртқы шейхтардың күманды патуаларына иланып, қан төгуге дейін баратындығы, қоғам тыныштығына қатер төндіретіндігінің қын еместігін өмір көрсетуде. Бұғінгі қазақ қоғамы соңғы кезде пайда болған жат ағымдардың тосқауыл қоюға лайықталған сенімді құралдарға зәру. Олардың сүйенген дәйектерін байыпты саралап, оған қарсы өз дәлелдерін теориялық негізде ұсынған жұмыстар аса қажет. Дін алаңындағы күрес сауатты жүргізілгені абзal. Кейінгі уақытта таралған деструктивті ислами ағымдардың бірі – такфирлік. Мұсылман әлемінің үлкен ғалымдарының Мысырда такфирліктің зиянды, қауіпті, қателестіруші ағым екендігін арнайы конференция өткізіп талқыға салғандығына менің өзім де куә болдым. Сондықтан Еркінбек Шоқайдың диссертациясына осы тақырып жайдан-жай таңдалған жоқ, өзек болып отырған мәселенің өте керектігі, өзектілігі дау тудырmasы анық.

Осыған дейін Қазақстанда такфир тақырыбында жекеленген мақалалар мен баяндамалардан басқа не дербес не зерттеу, не кітап жазылған емес. Ал бұл еңбек ана тілімізде осы тақырыпты жеке алғып, терен бойлап қозғаған тұңғыш жұмыс болумен құнды, әрі тың. Әрине араб, басқа тілдерде бұл бағытта дайындалған әртүрлі сипаттағы еңбектер болғанымен олар отандық жалпы ізденушілерге қолжетімсіздігін былай қойғанда, тіпті мамандардың тісі бата бермейтіндей күрделі. Е.Шоқайдың бұл диссертациясында басқа тілдерде жасалған жұмыстардың табыстарына сүйенген. Бұған оның Ливанда университетте оқып, бітіруі, араб тілін жетік білуі, Құран мәтіндерін жатқа біліп, астарына үңіле алу дайындығы нас (Құран мен сұннет мәтіні) пен ижтиһадтың байланысы, діни мәтіндерге интерпретация (тәуил) жасауына көмектескен. Оның үстіне ол дін ахуалы аса ушықкан шалғайдағы Атырау облысының Діни басқармасын басқара жүріп, теріс ағымдардың ықпалына

түсken жастармен бепте-бет жиі кездесуі адамдардың тәрфиризмге бару себептерін анықтауға жетелеп, олармен сауықтыру шараларының тиімді жолдарын іздеуге тұрткі болған, жазасын өтеулершімен жүргізілген сұқбаттарын пайдаланған.

Жұмыс «Ұғымдар, терминдер, жалпы қағидалар және теориялық негіздері», «Ислам шариғатындағы «тәкфир» ұқімінің құқықтық нормалары мен «муртадтың» (діннен шыққан тұрғаның) теологиялық мәселелері» және «Такфиризм идеологиясының тарихи қалыптасуы, алғышарттары мен бүгінгі көріністері» атты үш тараудан тұрады.

Бұл тараулар іштей бірнеше бөлімдерге бөлінген. Әр тарауда, әр бөлімде нақты мәселелер жүйелі түрде таразыланған. Такфиризмге тікелей қатысты «иман», «ислам», «ширк», «зәндақа», «нифақ», «илхад», «куфр», «ридда», «тәжсім» және «тәкфир» ұғымдарын алғашқы рет қазақ тілінде кеңінен сараланған.

Мәселен бірінші тарауда жалпы ұғымдар мен терминдерді лингвотеориялық және теологиялық түсіндірмесі, Исламдағы күпірлік ұғымы мен түсінігі: шарттары, критерийлері және категориялары, Исламның діни мәтінмен бекітілген принциптерін тәуил (интерпретация) жасау мәселесі баяндалып, тәкфирге қатысты ғұламалардың еңбектеріне Әбу Хамид Фазалидің, сосын Ибн Хажар Хәйтәмидің және ханафи мазһабы ғұламаларының шығармаларына тоқталады.

Ал екінші тарауда ислам ғалымдарының күпірлікпен айыптаудан сақтандыруы және оған аппаратын ахуалдар туралы пәтуалары, «тәкфир» үрдісіне қойылатын негізгі талап-критерийлер мен мұсылмандарды өзара күпірлікпен айыптасуға аппаратын мәселелер, «тәкфир» мәселесіне қатысты кейбір қағидалар, ислам шариғатындағы «ридда» ұқімінің шарттары мен муртад хақында кең мәлімет берілген.

Соңғы тарауда такфиризм идеологиясының шығуы, тәкфирлік ағымдар мен олардың ұстанымдары, Мәтүриди мектебінің діндегі «ұлкен күнә» ұғымына қатысты ұстанымы және (алғашқы тәкфирииттер) харижиттер мен мұғтазилиттерге жауабы, такфиризм идеологиясының қалыптасуы мен таралуының алғышарттары және факторлары сенімді дәлелдермен көрсетілген, тәкфиризмның пайда болуы мен даму тарихына байланысты жазылған еңбектерді тарихи кезеңдер бойынша жүйелі сөз болады.

Жұмыста иман мен күпірлікке арасындағы толғауы қын ақидалық мәселелер жан-жақты таразыланған. Қазақстандағы тәрфиirlікке қатысты материалдар да қамтылған. Әр бөлімнің, тараушаның аяғында ұсынылған түйіндер мен тұжырымдар жұмыстың талаптарға сай орындалғанын қосымша айғақтай түседі.

Жетекші ретінде жұмыспен толық танысып, жөндейтін тұстарына қатысты ескертпелерімді айттым.

Бұл еңбек толымды, айтары бар, ана тіліміздегі дінтану ғылымын кітапханасына қосылған үлес, сол себепті тезірек бастырса, сұраныска ие болмақ. Бұл жұмыс дін саласында тер төгіп жүрген, әсіресе, оңалту

жұмыстарымен шұғылданатындарға қолданбалы құрал ретінде аса пайдасы тимек. Диссертацияның практикалық та теориялық маңызы да - осында.

Зерттеуді өз алдына қойған мақсат-міндеттерін толықтай орындаған, аяқталған деп санағандықтан қолдап-куаттай отырып, қорғауға ұсынуға, ізденушіге осы еңбек үшін PhD докторы дәрежесін беруге болады деп есептеймін.

Еркінбек Шоқай – қазақтың талантты, өз мамандығы бойынша тиянақты білімі бар жігіті, сондықтан оның жазатын туындылары, атқаратын қызметі осыған жеткенімен шектелмейді, әлі де алда берері көп деп сенемін.

**Шамшәдин Керім  
филология ғылымдарының  
докторы, профессор**

Ш. Керім

